| **Рефлексия** | *«Бағдаршам» әдісі.*<br>Құрметті оқушылар! Бүгінгі жол белгілері арқылы, жол қауіпсіздігін білетін болдыңыздар. Жолда жүру ережесіне мұқият болу керек.<br>Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,<br>Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.<br>Жол жүру ережесі – заңды тәртіп,<br>Ол ортақ! Үлкен – кіші, баршамызға, - деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.<br>Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар! | 3 мин<br> |

## Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты -жөні | | |
| **Күні:** | 15.05.2023 ж | |
| **Сыныбы:** | 8 | |
| **Тәрбие сағатының тақырыбы:** | **Жол қиылысынан өту мен жаяу жүргіншілер өтпелері** | |
| **Мақсаты** | а. Оқушыларға көше жайлы, көшеде қалай жүру керектігі туралы түсінік беру.<br>ә.Өмірге деген көз –қарасын дамыту.<br>б.Көшеде дұрыс жүруге ,мұқият болуға тәрбиелеу. | |
| Көрнекілік | АКТ, жол белгілерінің суреттері, үлестірме қағаздар, жасыл, қызыл, сары жетондар. | |
| Жұмыс кезеңі | **Қатысушылардың іс әрекеті** | **Уақыт** |
| Психологиялық сәт | **Мақсаты:** психологиялық ахуал қалыптастыру. «Амандасу» бағдаршам түстері бойынша: оқушылар алдарына берілген бағдаршам суретінің әр түсіне екі оқушының атын жазады, содан кейін сол түске сай амандасады.<br>Қызыл түс – қолыңды бұлғап амандас<br>Сары түс – қолын алып амандас<br>Жасыл түс- құшақтасып амандас | 5 мин |
| Жаңа мәліметпен танысу | **Мұғалім сөзі:**<br>Оқушыларға тақтадағы ілулі тұрған суреттер туралы сұрау. Мынау өздерің тұратын қала, кент немесе ауыл. Олардың барлығында да үлкенді –кішілі көшелер бар.<br>Көше деген не? Қала ,кент немесе ауыл ішіндегі автокөліктердің ,басқа да көлік түрлерінң , адамдардың жүруіне арналған жолдарды көше деп атайды.<br>Көшеде жүру үшін , көше тәртібін сақтау керектігін оқушыларға айтып түсіндіру.<br>Көшеде жүру тәртібін сақтамау не себепті қауіпті?<br>Кейде ерсілі –қарсылы жүріп жатқан авто көліктердің, мотоциклдердің қақтығысуы не себепті болады? Егер автокөлік жүргізушілері жолда жүру ережелерін бұзбаса оның талаптарын орындаса , мұндай жағдайлар болар ма еді? Көшеде көліктер жүретін жер жол үсті деп аталады. Көшедегі жолдың екі жақ қапталына жаяу жүргіншілер үшін жаға жолдар салынады. Көп жағдайда жаяу жүргіншілердің өтетін жерлеріне жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін арнайы қоршаулар орнатылады.Жаяу жүргіншілер көшенің екі қапталындағы жаға жолмен жүруі тиіс.<br>Жаға жолмен қалай жүреді ?Жолға шыққан соң міндетті түрде оның оң қапталымен , қарсы келе жатқан жаяу жүргіншілер –сол жақ қапталымен бір-біріне кедергі келтірмей жүруі тиіс. Ал жолдың қарсы бетіне тек қана арнайы « Жаяулар өтетін жер» арқылы өтуге болады.<br>Ал балалар мектепке барарда өздерің ең қауіпсіз жолдарды таңдауларың керек. Ол үшін көшелерді жақсы білулерің керек, сонда өздеріңе ыңғайлы бағытты таңдау жеңіл | 10 мин |

| | | |
|---|---|---|
| | болады.<br>Қашанда көшеден өткенде жан-жағыңа қарап ,өтуің керек.<br>**Жаяу жүргіншілер ережелері**<br>**4.2.**<br>Жүргінші бөлігінде ұйымдастырылған жаяу жүргіншілер бағандарының қозғалысына көлік құралдарының оң жағында қатарынан төрт адамнан аспайтын қозғалыс бағытында ғана жол беріледі. Бағананың алдыңғы және артқы жағында артқы жағында қызыл жалаушалар, ал қараңғыда және жеткіліксіз көріну жағдайында - шамдар жанып тұруы керек: алдыңғы жағында - ақ, артында - қызыл.<br>Балалардың топтарына тек тротуарлармен және жаяу жүргінші жолдарымен, ал олар болмаған кезде - жол жиегімен жүруге рұқсат етіледі, бірақ тек күндізгі уақытта және ересектердің еріп жүруімен ғана жүруге болады.<br>**4.3.**<br>Жаяу жүргіншілер жолды жаяу жүргіншілер өткелдерінен, оның ішінде жер асты және үстінгі өткелдерден, ал олар болмаған жағдайда тротуар немесе иық сызығы бойындағы қиылыстардан кесіп өтуі керек.<br>**4.4.**<br>Көлік қозғалысы реттелетін жерлерде жаяу жүргіншілер бағдаршамның немесе жаяу жүргіншілердің бағдаршамының сигналдарын, ал ол болмаған жағдайда - бағдаршамды басшылыққа алуы керек. | |
| **Топтық жұмыс** | **Сабақ барысы:**<br>1) «Сұрақ-жауап» (әр топқа сұрақтар қойылады)<br>2) «Кім жылдам?» (әр топқа тапсырма беріледі)<br>3) Сұрақтар (жұптық жұмыс)<br>4) Ситуациялық сұрақтар (көрініс)<br><br>**1. «Сұрақ-жауап»**<br><br>1.Жаяу жүргінші жағажолмен қозғалыс кезінде қай жағын ұстануға тиіс?( Жаяу жүргіншілер жағажолмен жүрген кезде оң жақ қапталымен жүруге тиіс.)<br>2.Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? (жүргіншілер)<br>3.Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызық. (ақжолақ)<br>4.Жиек жол (тротуар) деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол)<br>5.Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.)<br>6.Көшенің келесі бетіне қай жерден өту керек? (Жаяулар өтетін жолмен /пешеход/ өту керек)<br>7.Жаяу жүргінші деген кім? Көлік құралынан тыс және онда жұмыс жасамайтын адам. | 10 мин |
| | «Кім жылдам?» деп аталады, әр топқа бірдей үлестірме қағаздар беріледі, тақтада тұрған жол белгілерінің суреттеріне сәйкестендіріп жабыстырасыздар.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ойын «Қызыл, сары, жасыл» | 5мин |

| | | |
|---|---|---|
| **Жұптық жұмыс** | -Өздерің тұратын қаланың, кенттің немесе ауылдың көшелерін білесіңдер ме?<br>-Көшелер не үшін қажет?<br>-Жаға жолда қалай жүру керек?<br>-Өздерің мектепке барғанда қандай жолмен жүресіңдер?<br>-«Жаяулар өтетін жер» бар ма? | 5 мин |
| **Ситуациялық сұрақтар (көрініс)** | 1. Сен қалада тұрасың, аулада ешқандай жол белгілері жоқ екенін байқадың? Сен жолды өту үшін істер едің.<br>2. Сен мектепке жолдан өтуге жақындағанда бағдаршамның жасыл түсі жыпылықтап тұрды, сенің жанында бастауыш сынып оқушылары жолдан өткелі жатыр. Сен не істер едің?<br>3. Сен досыңмен мектепке асығып бара жатырсың, досыңның құлағында наушник. Жаяу жүргіншілер өтпесінен досың жүгіріп өткісі келді, сен не істейсің? | 7 мин |
| **Рефлексия** | *«Бағдаршам» әдісі.*<br>Құрметті оқушылар! Бүгінгі жол белгілері арқылы, жол қауіпсіздігін білетін болдыңыздар. Жолда жүру ережесіне мұқият болу керек.<br>Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,<br>Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.<br>Жол жүру ережесі – заңды тәртіп,<br>Ол ортақ! Үлкен – кіші, баршамызға, - деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.<br>Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар! | 3 мин<br> |

## Қысқа мерзімді жоспар

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты -жөні | | |
| **Күні:** | 22.05.2023ж | |
| **Сыныбы:** | 8 | |
| **Тәрбие сағатының тақырыбы:** | ***Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен танған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек*** | |
| **Мақсаты** | ***Жол-көлік оқиғасы кезінде есінен танған адамға алғашқы медициналық көмек көрсету*** | |
| Көрнекілік | АКТ, суреттер, үлестірме қағаздар | |
| Жұмыс кезеңі | **Қатысушылардың іс әрекеті** | **Уақыт** |
| Психологиялық сәт | **Мақсаты:** психологиялық ахуал қалыптастыру. «Амандасу» бағдаршам түстері бойынша: оқушылар алдарына берілген бағдаршам суретінің әр түсіне екі оқушының атын жазады, содан кейін сол түске сай амандасады.<br>Қызыл түс – қолыңды бұлғап амандас<br>Сары түс – қолын алып амандас<br>Жасыл түс- құшақтасып амандас | 5 мин |
| Жаңа мәліметпен танысу | Бүгінгі күндері жолдарда көптеген апаттар мен жол-көлік оқиғалары болып жатқан кезде жәбірленушілерге бірінші көмек көрсете білу маңызды болып табылады. Дұрыс көрсетілмеген көмектің соңы қайғылы жағдайға әкеліп соғатынын есте сақтаған жөн.<br><br>Жәбірленушілердің өмірі- бірінші кезекте апат куәгеріне байланысты. Жыл сайын Қазақстанда жол-көлік оқиғаларынан (ЖКО) бірнеше мың адам көз жұмып, көптеген адамдар жарақат алып, соның нәтижесінде мүгедектерге айналып жатады. Өлімге әкеп соғатын негізгі себеп ЖКӨ мен алған жарақаттар емес, ал дұрыс көрсетілмеген алғашқы көмек болып табылады. Статистикаға сүйенетін болсақ, азаматтардың: 20%- апатта ауыр жарақат алу нәтижесінде, 10%- жедел көмектің кеш келуінен, ал енді ойлаңыныздар 70%- куәгерлердің іс-әрекет етпеуінен көз жұмады. Уақытылы және дұрыс көрсетілген медициналық көмектің арқасында ЖКО зардап шеккен азаматтардың көбінің өмірлерін сақтап қалуға болады.<br><br>Әрбір адамның парызы өз бауырларына осы көмекті көрсету болып табылады. Апат куәгері болған адамдар көбіне ешқандай іс-әрекететпейді. Өз бауырлары мен қарындастары қалай қиналып, жантәсілім етіп жатқандарын телефон мен камераға түсіретіндері де табылады. Бірінші медициналық көмек- бұл адамдардың 70% құтқару мүмкіндігі. Бірақ адам оны дұрыс көрсете білуі керек. Бұл істе ең негізгісі-жәбірленушіге зиян келтіріп алмау. Қате және орынсыз іс-әрекеттер, жәбірленушіге көмек көрсетудің орнына соңы ауыр болатын жағдайларға әкеліп соғады.<br><br>Клиникалық өлім кезіндегі бірінші медициналық көмек. Клиникалық өлімнің белгілерін қарастырайық. Бірінші кезекте жүрек соғысын, демалысын және санасына көңіл аудару керек. Егер олар болмай, көз | 10 мин |

| | | |
|---|---|---|
| | қарашығы үлкейіп кетсе, адам организмінде өмірінің маңызды процестері жалғасып жататын клиникалық өлім орын алды. Және де ұйқы мен сәулелік артериялар арқасында пульсты анықтау керек. Жәбірленушіні клиникалық өлім жағдайынан шығару үшін бірінші кезекте өкпенің желдетілуін, жабық жүрек массажын жасау арқылы қанайналымын қалпына келтіру керек.<br><br>Алғашқы көмек көрсету тәртібі:<br>- жәбірленушіні түзу, қатты жерге жатқызу керек;<br>- тілін жұтып қоймас үшін мойнының астына валик салу керек.<br><br>Жүрек қағысы болмай, демалмай жатса жүрекке массаж және жасанды демалыс жасау керек. Бір адам жасанды демалыс кезінде 2 үрлеуге 15 басу жасауына болады. Егер жасанды демалысты екі адам жасап жатса, әрбір 5 басуға 1 үрлеу жасау керек. Жоғарыда аталған әрекеттерді түзу және қатты жерде жасау керектігін естен шығармау керек. Ауа бір немесе екі секунд үрленіп, жәбірленушінің кеуде клеткасын 4-5 сантиметрге басу керектігін білу керек. Егер бала болған жағдайда кеуде 2-3 см-ге басылады. Жүрек жұмысы қалпына келгенге дейін массаж жасалады. Төменде аталған белгілер сіздің іс-әрекеттеріңіз сәтті екендігінің айғағы: жәбірленушінің көз қарашығы тартыла бастауы, ұйқы артериясында пульсация сезіле бастауы, жәбірленушінің тері жабыны қызғылт бола бастауы, жәбірленушінің өздігінен дем ала бастауы.<br><br>Қан ағуы және күйік шалуы. Жәбірленушінің жарақаттануы кезінде қан ағуы мүмкін. Қан ағулар екі түрлі болады: ішкі және сыртқы. Сыртқы қан ағу көзге көрінсе, ішкі қан ағудың белгілері: жәбірленушінің жалпы жағдайының әлсіреуі, суық тер, қол-аяқ тері жабындарының ағаруы, есінен тануы және т.б. Сыртқы қан ағу болған жағдайда: қан қою қызыл болып үзіліссіз шашырап ақса- бұл венозды қан ағу, бұл кезде жара бетіне тығыз орама тарту керек. Егер қан ашық түсті болып пульсациялы қатты ағыспен ақса- бұл артериалды қан ағу, бұл кезде жәбірленушінің зақымданған тамырын саусақпен басып тұрып тығыз орама тарту керек (егер қан тоқтамаса бір сағатқа жгут тарту керек). Егер тері жабыны зақымдалып қан ақса-тығыз орама тарту керек.<br><br>Сүйек сынуының белгілері болып дене аумақтарының қатты ауыруы, ісінуі және деформациясы болып табылады. Егер ашық сыну болса сүйек жарақат орнынан шығып көрінуі мүмкін. ЖКО жәбірленушінің сүйектерінің сынуы болған жағдайда оған ауруды басатын дәрі беріп, жараны өңдеп шинаны дұрыс салу керек.<br><br>ЖКО кезінде дұрыс көрсетілген алғашқы медициналық көмек жәбірленушінің өмірін сақтап қалуға көмектеседі. | |
| **Топтық жұмыс** | **Сабақ барысы:**<br>1) «Сұрақ-жауап» (әр топқа сұрақтар қойылады)<br>2) «Кім жылдам?» (әр топқа тапсырма беріледі)<br>3) Сұрақтар (жұптық жұмыс)<br>4) Ситуациялық сұрақтар (көрініс)<br><br>**1. «Сұрақ-жауап»** | 10 мин |

| | | |
|---|---|---|
| | 1.Жаяу жүргінші жағажолмен қозғалыс кезінде қай жағын ұстануға тиіс?( Жаяу жүргіншілер жағажолмен жүрген кезде оң жақ қапталымен жүруге тиіс.)<br>2.Көшеде жаяу жүрген адамдарды кімдер дейді? (жүргіншілер)<br>3.Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызық. (ақжолақ)<br>4.Жиекжол (тротуар) деген не? (Адамдаржаяужүретінкөшежиегіндегі тар жол)<br>5.Жаяуадамғақайжермен жүругеболмайды? (Көлікжүретінкөшенің ортасыменжүругерұқсатетілмейді.)<br>6.Көшеніңкелесібетінеқайжерденөтукерек? (Жаяуларөтетінжолмен /пешеход/ өтукерек)<br>7.Жаяужүргіншідегенкім? Көлікқұралынантысжәнеондажұмысжасамайтынадам. | |
| | **2. .** «Кім жылдам?» деп аталады, әр топқа бірдей үлестірме қағаздар беріледі, тақтада тұрған жол белгілерінің суреттеріне сәйкестендіріп жабыстырасыздар.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ойын «Қызыл, сары, жасыл» | 5мин |
| **Жұптық жұмыс** | • Өздерің тұратын қаланың, кенттің немесе ауылдың көшелерін білесіңдер ме?<br>Көшелер не үшінқажет?<br>Жағажолдақалайжүрукерек?<br>Өздеріңмектепкебарғандақандайжолменжүресіңдер?<br>«Жаяуларөтетінжер» бар ма? | 5 мин |
| **Ситуациялық сұрақтар (көрініс)** | 1. Сен қалада тұрасың, аулада ешқандай жол белгілері жоқ екенін байқадың? Сен жолды өту үшін істер едің.<br>2. Сен мектепке жолдан өтуге жақындағанда бағдаршамның жасыл түсі жыпылықтап тұрды, сенің жаныңда бастауыш сынып оқушылары жолдан өткелі жатыр. Сен не істер едің?<br>3. Сен досыңмен мектепке асығып бара жатырсың, досыңның құлағында наушник. Жаяу жүргіншілер өтпесінен досың жүгіріп өткісі келді, сен не істейсің? | 7 мин |
| **Рефлексия** | *«Бағдаршам» әдісі.*<br>Құрметті оқушылар! Бүгінгі жол белгілері арқылы, жол қауіпсіздігін білетін болдыңыздар. Жолда жүру ережесіне мұқият болу керек. Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,<br>Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.<br>Жол жүру ережесі – заңды тәртіп,<br>Ол ортақ! Үлкен – кіші, баршамызға, - деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.<br>Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар! | 3 мин<br> |

**Қысқа мерзімді жоспар**

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты -жөні | | |
| **Күні:** | 22.05.2023ж | |
| **Сыныбы:** | 8 | |
| **Тәрбие сағатының тақырыбы:** | Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек. | |
| **Мақсаты** | а) Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету.<br>ә)Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмекті қалай көрсету керектігін білу. | |
| Көрнекілік | АКТ, жол белгілерінің суреттері, үлестірме қағаздар, жасыл, қызыл, сары жетондар. | |
| Жұмыс кезеңі | **Қатысушылардың іс әрекеті** | **Уақыт** |
| Психологиялық сәт | **Мақсаты:** психологиялық ахуал қалыптастыру. «Амандасу» бағдаршам түстері бойынша: оқушылар алдарына берілген бағдаршам суретінің әр түсіне екі оқушының атын жазады, содан кейін сол түске сай амандасады.<br>Қызыл түс – қолыңды бұлғап амандас<br>Сары түс – қолын алып амандас<br>Жасыл түс- құшақтасып амандас | 10 мин |
| Жаңа мәліметпен танысу | **Мұғалім сөзі:**<br>Буын шығулар деп буындың зақымдануымен қатар мүшелеу сүйектерінің буын бөліктерінің ауысуы аталады. Буын шығуының белгілері:<br>• буын формасының өзгеруі;<br>• аяқ-қолдың қалыпты емес орналасуы;<br>• қақсау;<br>• оның физиологиялық жағдайын беру кезінде аяқ-қолдарды серіппелі фиксациялау;<br>• буын қызметінің бұзылуы.<br>Жарақаттанудан буын шығудың жиі кездесетіні буынның шартты түрде тез озғалуынан болады. Бұл, мысалы, қатты соққы кезінде буын, ұрылған буын аумағында болады. Ережедегідей, буынның шығуымен қатар буындардың жарылуы және мүшелік туын жазықтықтарының бөлінуі болуы мүмкін. Кейде буын шығу сынықтармен – сынық буын шығулармен күрделенеді. Жарақаттану буын шығуын қалпына келтіру ертерек жасалуы тиіс.<br><br>Буын шыққан кездегі көмек:<br>Аяқ-қолдың маңызды емес қозғалысынан-ақ жанға батар ауыруы мүмкін, Сіз аяқ-қолды сол қалыпта ұстауыңыз қажет, оған ауруханаға жеткізу деңгейінде бір қалыпты қамтамасыз ету қажет. Ол үшін көліктік шиналарды, арнайы таңбаларды немесе қолда бар құралдарды қолданған жөн. Қолды иммобилизациялау үшін мойын арқылы жіңішке шеттері түйін қылып байланатын бас орамалды қолдануға болады.Аяқ<br>буындары шыққан кезде, оның астына және қабырғасына шина немесе тақтай салады, оған аяқты бинтпен орайды. | 30 мин |

| | | |
|---|---|---|
| | Қолдың саусақтары шыққан кезде кез-келген тегіс жазықтыққа қолдың барлығына иммобилизация жүргізу керек. Шина мен аяқ-қол арасындағы буындар аумағында мақтаның бір қабатын салады. Төменгі жақ шыққан кезде оның астына сақпан тәрізді таңбаны кигізеді (кезекшілердің қолына тағатын таңба екенін еске саламыз), оның шеттерін крест тәрізді етіп желкеге байлайды.<br><br>Сынық деп оның біртұтастығымен сүйекке зақым келуді айтады. Сынықтар жабық (теріде зақым болмауы) және ашық (теріде зақым болуы) болуы мүмкін. Сонымен қатар сүйекте жарықтар болуы мүмкін.<br><br>Сынықтың белгілері болып табылады:<br><br>• сынық орнында аяқ-қолдың деформациясы;<br><br>• аяқ-қолды қозғалта алмауы;<br><br>• аяқ-қолдың қысқаруы;<br><br>• терінің астында сүйек сынықтарының қытырлауы;<br><br>•осьтік қозғалыс кезінде ауру (сүйек бойы);<br><br>• жамбас сүйектерінің сынуы кезінде - пациент жатқан жерден аяғынды көтере алмауы.<br><br>Егер сынық теріге зақым келумен қатар жүрсе, оны жарадан шығып тұрған сүйек сынықтарының бар болуы кезінде тану қиын емес. Жабық сынықтарды табу қиынырақ болады. Жарақат пен сынықтар кезіндегі негізгі белгілер – сыздау, ісік, көгеру, қозғала алмау – сәйкес келеді. Сынық аумағында қытырлау сезімі және осьтік жүктеу кезіндегі ауруға көңіл бөлу қажет. Сол кезде сынған жер қатты ауыра бастайды.<br><br>Сынық кезінде көмек<br><br>Жабық сынықтар кезінде, буын шығу кезінде де, аяқ-қолдарды иммобилизациялауды және тыныштықты қамтамасыз ету қажет. Иммобилиациялау құралдарына шина, көмекші құралдар кіреді. Жамбас және иық сүйектерінің сынуы кезінде шинаны үш буынды (сирақтабанды, тізе, жамбас және білектік, шынтақ және иық) бірге алып салады. Басқа жағдайларда екі буынды – сынған жердің жоғарғы және төменгі жақтарын байлайды. Сынық сүйектерді бір біріне үйлестіріп көруге тыйым салынады – онымен Сіз қан кетуді тудыруыңыз мүмкін.<br><br>Ашық сынық кезінде Сіздің алдыңызда екі міндет тұрады: қан кетуін тоқтату және аяқ-қолға иммобилизация жүргізу. Егер, Сіз тамыр соғып тұрған қан ағымын (артериалды қан кету) көрсеңіз, қан кеткен орыннан жоғары жгут салыңыз (Қан кету кезіндегі алғашқы жәрдем көрсетуді қараңыз). Қан тоқтағаннан кейін жара аумағына асептикалық (стерильденген) таңбаны салыңыз және иммобилизация жүргізіңіз. Егер қан біркелкі ағынмен ақса, онда бастаны асептикалық таңбаны салыңыз және иммобилизация жүргізіңіз.<br><br>Аяқ-қолды иммобилизациялау кезінде екі буынды сынған жердің жоғарғы және төменгі жақтарын қозғалтусыз қалдыру қажет. Жамбас | |

| | | |
|---|---|---|
| | және иық сүйектері сынған кезде үш буынды қозғалтусыз қалдыру қажет (жоғаыдан қара). Есте сақтаңыздар, шинаны жалаңаш теріге – оның астына міндетті түрде киім немесе мақта салу қажет.<br><br>Ашық немесе жабық (сүйек сынықтары қозғалуымен) ірі сүйектердің сынуы кезінде бірден ауруханаға жеткізу және аурухана жағдайында сүйектерді репозициялау қажет (анатомиялық қалыпты келтіру). Егер сынықтан кейін кем дегенде 2 сағат өтсе, ал сүйек сынықтары сәйкес келтірімесе, ауыр салдарға әкелуі мүмкін – май эмболиясына әкелуі мүмкін, ол өлімге немесе мүгедектікке әкелуі мүмкін. Оны біле тұра, Сіздің пациентіңізге жедел көмек көрсету үшін қабылдауды сұраңыз.<br><br>• Қолдары зақымданған жағдайда орамал арқылы асып қояды, ал аяғы мертіккен кезде зақымданған адамды жұмсақ етіп төселген зембілге жатқызып, мертіккен аяғының астына жұмсақ жастық немесе киім салады. Еш уақытта сүйекті өз бетімен салуға болмайды, өйткені сүйектерді, нервтерді, тамырлар мен басқа да тканьдерді бүлдіріп алуы мүмкін.<br><br>• Буынның шығуы - адам жығылғанда, өте ауыр зат көтергенде, ебедейсіз қозғалыс жасағанда сүйек басының таюы. Мұндайда буын қапшығы созылып немесе жарылып кетуі мүмкін. Буын шыққанда аяқ қатты ауырып, ісініп, қозғалмай қалады. Мұнда да ауырған жерге суық шүберек басу керек. Буынның шығуын хирург-дәрігер ғана емдейді. | |
| **Рефлексия** | *«Бағдаршам» әдісі.*<br>Құрметті оқушылар! Бүгінгі сабақта біз буын шыққанда, күйікке шалдыққанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмекпен таныстық.<br>Осымен сабағымыз аяқталды. Сау болыңыздар! | 5 мин<br> |

**Қысқа мерзімді жоспар**

| | | |
|---|---|---|
| Педагогтің аты -жөні | | |
| **Күні:** | 29.052023 ж | |
| **Сыныбы:** | 8 | |
| **Тәрбие сағатының тақырыбы:** | Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар.<br>Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар. | |
| **Мақсаты** | а)оқушыларға велосипедке қойылатын техникалық талаптар және велосипедшілердің жүрісіне қойылатын қосымша талаптар туралы түсінік беру;<br>ә) оқушылардың танымдық көзқарасын, зейінінің тұрақтылығын дамыту;<br>б) өмірге деген құштарлықтарын арттыру. | |
| Көрнекілік | суреттер, газет қиындылары, нақыл сөздер | |
| Жұмыс кезеңі | **Қатысушылардың іс әрекеті** | **Уақыт** |
| Психологиялық сәт | **Мақсаты:** психологиялық ахуал қалыптастыру. «Амандасу» бағдаршам түстері бойынша: оқушылар алдарына берілген бағдаршам суретінің әр түсіне екі оқушының атын жазады, содан кейін сол түске сай амандасады.<br>Қызыл түс – қолыңды бұлғап амандас<br>Сары түс – қолын алып амандас<br>Жасыл түс- құшақтасып амандас | 10 мин |
| Жаңа мәліметпен танысу | Мұғалім: — Енді, балалар, қаламдарыңды орнына қойып, кеуделеріңді, бастарыңды көтеріп түзу отырыңдар. Мен сендерге велосипедке қойылатын техникалық талаптар және велосипедшілердің жүрісіне қойылатын қосымша талаптар туралы түсінік беремін. Зейін қоя қарап, тыңдай отырып, жаңа мағлұматтарды естеріңе сақтай отырыңдар.<br><br>«Велосипед» француз сөзі. Ол «желаяқ» деген ұғымды білдіреді.<br><br>Велосипед көліктің бір түрі, ал велосипедші — оны жүргізуші болып есептеледі. Сондықтан ЖЖЕ-де велосипедшілерге арналған арнайы тарау бар. Ол «Велосипед және велосипедшілерге қойылатын техникалық талаптар» деп аталады. Мысалы, ЖЖЕ-сі аспалы двигателі жоқ велосипедпен жасы 14-тен асқан балалардың ғана жолға шығуына рұқсат етеді. Ал 2 не 3 доңғалақты, двигателінің жұмысы 50 см. кубтан көп емес, жылдамдығы сағатына 40 шақырымнан аспайтын көлік түрлерін 16 жастан асқан жасөспірімдер пайдалана алады.<br><br>Интербелсенді тақтада велосипедке қойылатын талаптар. Велосипедте қоңырау және алдыңғы жағында қараңғы түскенде пайдаланатын, динамика күшімен жанатын фонары, арт жағында – сәуле шағылысатын қызыл пластмасса белгі жапсырылуы тиіс. Аяқ тежеуішінің ақаусыз болуы, оны ауық-ауық тексеріп тұру қажет. Интербелсенді тақтада велосипедшілерге қойылатын талаптар. Велосипедшілер жолдың шетінен 1 м қашықтықта және 1 қатармен ғана жүре алады. Бұл қағида тоқтап тұрған көлікті басып озу кезінде ғана бұзылады. | 30 мин |

| | | |
|---|---|---|
| | Велосипедшілерге жаяу жүргінші жолымен жүруге болмайды.<br>Рульді бос жіберіп жүруге тыйым салынады.<br>Велосипедті еркін басқаруға кедергі келтіретін көлемі үлкен заттарды алып жүруге болмайды.<br>Арнайы жабдықталмаған велосипедпен балаларды мінгестіріп жүру де қауіпті.<br>Сол жаққа бұрылатын немесе кері айналатын велосипедші оны жаяу жетектеп, өзіне керек жаққа шыққан соң оған қайтадан мінгені дұрыс.<br>Велосипедшілер топталып жолға шығатын болса, өздері жүретін бағдармен алдын ала танысып алуы қажет.<br>Басқа көлік жүргізушілері оларды тез байқауы үшін ашық түсті киім кигені дұрыс.<br>Алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсетуге арналған медициналық қобдишаны да ұмытпау керек.<br>Топталып жүргенде бір-біріне жақын, бір тізбекпен, жолдың оң қапталымен жүрген жөн.<br>Ең дұрысы – алдыңғы және соңғы велосипедке қызыл жалауша іліп алу.<br>Топ болып жолға шығуға күн жарықта ғана рұқсат етіледі.<br>Тежеуіші жақсы істемейтін велосипедпен жолға шығуға мүлде тыйым салынады.<br>Арнайы салынған велосипед жолының мүмкіндігі жараса, онда бірнеше қатар түзіп жүруге болады.<br>Ал қарсы жақтан басқа велосипедшілер келе жатса, онда оң қапталмен 1 тізбек болып жүру керек.<br>Топ басшысы болуға тиіс. Ол ылғи топтың алдында жүріп, қалғандарына бақылау жасайды.<br>Реттелетін көше қилысына топталып келгенде, бағдаршамның жасыл жарығына өту керек.<br>Реттелмейтін көше қилыстарына таянғанда, басқарушы көлденен көшеде көліктердің жоқтығына көз жеткізіп, алдын ала жалаушасын көтеру арқылы топты өткізіп жібереді де, соңынан қуып жетеді.<br>Интербелсенді тақтада велосипедшілер бұрылар кезде қандай белгі көрсетуі тиіс?<br>Кедергіні айналып өтерде, басқадай қауіп жоқтығына көз жеткізуің керек немесе сол қолыңды жаныңа соз немесе оң қолыңды шынтақтан жартылай жоғары көтер. Бұлайша белгі беру велосипедшіні жауаптан құтқармайды. Ол мұның бәрін алдын ала, жан-жағы анық көрінетін жағдайда жасауы тиіс.<br>Оңға бұрыларды немесе қатарға тұрарда жаныңа қарай оң қолыңды соз не сол қолыңды жартылай шынтақтан жоғары көтер.<br>Тоқтар кезде қолың жоғары көтерілген қалыпта болсын. Қауіпті жерлерден өтерде велосипедтен түсіп, оны жаяу жүргіншілер өткелінен алып өтуге болады.<br><br>Сабақты қорытындылау<br><br>Велосипедті шығар алдында тексеріп алу. Велосипедті бойыңа қарай іріктеп алу.<br>Велосипедтегі ақаулар және оларды жою.<br>Велосипедшілер үшін жасқа қарай шектеулер.<br>Жүргін бөліктегі қозғалыс тәртібі. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Маневр жасау, реттелмейтін көше қиылыстарынан жүріп өту ережелері.<br>Велосипедші жолдың әр бағытында екі жолақтан болған жағдайда велосипедтен түспей кері бұрылуға құқығы бар ма?<br>Велосипедші қозғалыс бағытын өзгертетіні туралы әрқашан ескерту белгісін беруге тиіс пе?<br>Жүк тасымалы ережелері.<br><br>Бағалау<br><br>Үй тапсырмасы:<br><br>Қанша жастан бастап велосипедпен жүруге болады?<br>Жолда жүргенде ереженің қандай талаптарын орындау керек?<br>Қараңғы мезгілде жүретін велосипедтерге қандай құралдар керек?<br>Бұрылатын кезде қолмен қандай белгілер беру керек?<br>Велосипедпен жүруде қауіпті болатын жайларды қалай түсіндіре аласыңдар?<br>Топ болып жүретін велосипедшілерге қандай талаптар қойылады?<br>Источник: https://www.tarbie.kz/10210 | |
| **Рефлексия** | *«Бағдаршам» әдісі.*<br>Құрметті оқушылар! Бүгінгі сабақта біз буын шыққанда, күйікке шалдыққанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмекпен таныстық.<br>Осымен сабағымыз аяқталды. Сау болыңыздар! | 5 мин<br> |

**Тәрбие сағаты бойынша қысқа мерзімді жоспар**

| Күні: 29.05.2023 ж | Сынып жетекші: | |
|---|---|---|
| Сыныбы : 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Қорытынды сабақ. | |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушыларды жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға үйрету | |
| Құндылықтарды дарыту | Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу | |
| Ресурстар | Слайд,презентация | |
| Музыкалық және бейне көркемдеу | интерактивті тақта, слайд | |
| Үлестірмелі материалдар | мақал – мәтелдер жазылған плакаттар | |
| Сабақтың барысы | | |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі | Жол заңы дұрыс жүріп , абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба , ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны , шаңғы тебетіні , жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны ,қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып , кейбіреулері жарақат алады . Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. | Оқушылар мұғаліммен амандасады,түгеnделеді, мектеп партасындағы қатарлары бойынша орындарына отырады. | Компьютер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақ басы | Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын » Жолда жүру ережесі » тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті .Үлгілі , тәртіпті оқушы көшеде, жолда  жүру ережесін ,заңын бұзбайды. | Бір біріне жол ережесі туралы сұрақ қояды | слайд |
| Ортасы | Біздің қаламызда , сол сияқты  біздің еліміздің  қала , ауылдарына бәріне  ортақ көше  қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да , үлкендер де , яғни барлық жүргізушілер , көлік  жүргізетін жүргізушілер де  бұлжытпай орындауы керек. | Бейнежазбадан түсінгендерін айтады | Жол белгілері |
| Соңы | Жол ережесін қаншалықты білесіз?   | Оқушылар өз ойларымен бөліседі | слайд |